- 2.2. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы жарғыны, Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының, Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының заңнамалық тәртіппен қабылданатын шешімдерін басшылыққа алады.
- 2.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзге де қолданатын құқыққа сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.
- 2.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам оның орналасқан жерінен тыс жерлерде орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де оның атынан және Қоғамның тапсырмасы бойынша филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.
- 2.5. Қоғамның акционерлері белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын сатып алатын қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалар болуы мүмкін.
- 2.6. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапты болады.
- 2.7. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындарға тәуекел етеді. Акционердің Қоғам мүлкінің

құрамына кіретін жекелеген объектілерге, оның ішінде осы акционер енгізген объектілерге құқығы жоқ.

2.8. Қоғам облигациялар мен өзге де бағалы қағаздар түрлерін шығаруға құқылы.

3. Қоғам қызметінің мақсаты мен мәні

- 3.1. Қоғам қызметінің мақсаты табыс алу болып табылады.
- 3.2. Қоғам қызметінің мәні:
 - 3.2.1. Хром және марганец кендерін, әртүрлі маркадағы феррокорытпаларды, лигатуралар, модификаторлар, халық тұтынатын тауарларды өндіру және сату;
 - 3.2.2. Жалпы таралған пайдалы қазбаларды, жер асты сулары мен техногендік минералды түзілістерді қоса алғанда, пайдалы қазбалардың кен орындарында барлау және өндіру жұмыстарын жүргізу; пайдалы қазбаларды барлау және өндіруге байланысты емес құрылыстарды салу және пайдалану;
 - 3.2.3. Өнеркәсіптік химия және тау-кен өндірістерін, электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларды, газ және мұнай өнімдерін сақтау объектілерін, гидротехникалық құрылыстарды, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар, түтіктер мен құбырларды жобалау, құрылысын салу және пайдалану;
 - 3.2.4. Бұрғылау, геологиялық барлау, таукен-шахта, металлургия, энергетикалық жабдықтарды, жарылыстан қорғалған электротехникалық жабдықтарды, апатқа қарсы қорғаныс және дабыл аппаратурасы мен бақылау жүйелерін, көтергіш құрылыстар мен жолаушылар лифтілерін, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, түтіктер мен құбырларды жобалау, дайындау, құрастыру және жөндеу;
 - 3.2.5. Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату;
 - 3.2.6. Топографиялық-геодезиялық жұмыстар жүргізу, құрылыс-монтаж және тау-кен жұмыстарын геологиялық-маркшейдерлік сүйемелдеу;
 - 3.2.7. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен бұйымдарды өндіру, сатып алу және сату және оларды пайдалану;
 - 3.2.8. Оттегін өндіру және сату;
 - 3.2.9. Минералды шикізатты қайта өңдеу;
 - 3.2.10. Өлшеу құралдарын тексеру және жөндеу;
 - 3.2.11. Ионданатын сәулелену көздерімен, радиоактивті заттармен және қалдықтармен жұмыс істеу;
 - 3.2.12. Прекурсорлар, улар мен зарарсыздандыру препараттарының айналымымен байланысты қызмет;
 - 3.2.13. Газдан құтқару жұмыстары;
 - 3.2.14. Арнайы су пайдалану;
 - 3.2.15. Өз өндірісіндегі түсті және қара металл сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату;
 - 3.2.16. Сынақтар, оның ішінде сертификатталған сынақтар өткізу;
 - 3.2.17. Өндіріске химиялық-талдамалық бақылауды жүзеге асыру;
 - 3.2.18. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингін орындау;
 - 3.2.19. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету: табиғат қорғауды жобалау және нормалау;
 - 3.2.20. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызмет, соның ішінде: жобалау-іздеу, жобалау, сараптамалық, инжинирингтік, құрылыс-монтаж жұмыстары, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру бойынша жұмыстар;

- 3.2.21. Байланыс саласында, телевизиялық және радиохабар таратуды ұйымдастыру бойынша қызметтерді жүргізу және көрсету, байланыс желілері мен тораптарын техникалық пайдалану, сондай-ақ радиожилікті спектрді пайдалану;
 - 3.2.22. Ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және сату;
 - 3.2.23. Қоғам қызметкерлерін кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, екінші мамандыққа үйрету курстарын, мақсатты тағайындау курстарын, оның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты кәсіптер бойынша курстарды ұйымдастыру және өткізу;
 - 3.2.24. Кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, екінші мамандыққа үйрету, мақсатты тағайындау курстарының бағдарламалары мен оқу жоспарларын, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы оқыту бағдарламаларын әзірлеу.
 - 3.2.25. Жолаушылар мен жүктерді (қауіпті жүктерді қоса алғанда) теміржол және автомобиль көлігімен тасымалдау, теміржол жылжымалы құрамын жөндеу;
 - 3.2.26. Толық кедендік тазартудан өтпеген тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау;
 - 3.2.27. Медициналық қызметпен айналысу;
 - 3.2.28. Тауарлар сатып алу, өндіру және өткізу, кәсіпорындарға, ұйымдарға, азаматтарға жұмыстар орындау және қызметтер көрсету;
 - 3.2.29. Денешынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсету бойынша қызмет;
 - 3.2.30. Мектептен тыс ұйымдардың қызметі, бастапқы кәсіби білім;
 - 3.2.31. Алкоголь өнімдерін бөлшек сату;
 - 3.2.32. Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру;
 - 3.2.33. Балық шаруашылығы қызметі;
 - 3.2.34. Маркетинг, инжиниринг, менеджмент, консалтинг;
 - 3.2.35. Сыртқы экономикалық қызмет;
 - 3.2.36. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.
- 3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алу қажет лицензияны немесе өзге де рұқсат түрін талап ететін қызмет түрлерін Қоғам тиісті лицензиялар мен рұқсаттарды алған соң жүзеге асырады.

4. Қоғамның мүлкі мен капиталы. Бағалы қағаздар

- 4.1. Қоғам жай акциялар не жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.
- 4.2. Жай акция акционерге дауысқа салуға енгізілетін барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығы бар Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жылдық, жартыжылдық, тоқсан қорытындысы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.
Акционерлер – артықшылықты акциялардың меншік иелері акционерлер – жай акциялардың меншік иелерінің алдында Қоғамның жарғысында белгіленген алдын ала айқындалған кепілдендірілген мөлшерде дивидендтер алуға және Заңда белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігіне артықшылықты құқыққа ие болады.
Артықшылықты акция акционерге, мынадай жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді:

- 1) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған (сатып алынғандарды алып тастағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде 2/3 (үштен екісі) дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп саналады. Олар бойынша шешім қабылдау артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелерге мыналар туралы мәселелер жатады:
 - артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;
 - артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;
 - артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау;
 - 2) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды;
 - 3) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарайды;
 - 4) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күнге дейін 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерде төленбесе.
- 4.3. Осы жарғының 4.2. тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда, акционердің – артықшылықты акциялардың меншік иесінің Қоғамды басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендті толық мөлшерде төлеген күннен бастап тоқтатылады.
- 4.4. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесін тіркеуші жүргізеді.
- 4.5. Орналастырылатын акцияны толық төлегенге дейін Қоғам аталған акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесіндегі оны сатып алушының дербес шотына аудару туралы бұйрық беруге құқылы емес.

5. Таза табысты бөлу тәртібі. Дивидендтер

- 5.1. Таза табыс Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерінде белгіленген тәртіппен бөлінеді. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы оны шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялаумен Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 5.2. Дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлене бастайтын күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.
- 5.3. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілдендірілген мөлшерін төлеу Қоғам органдарының шешімін қажет етпейді.
- 5.4. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кепілдендірілген мөлшерін төлеуді Қоғам бір акцияға жылына 1 (бір) рет кезеңділікпен жүзеге асырады.
- 5.5. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:
 - 1) меншікті капитал мөлшері төмен болғанда немесе егер, Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
 - 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе қауқарсыздық белгілеріне жауап берсе, не аталған

белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

6. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

6.1. Қоғам акционері:

- Заңда және осы жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - дивидендтер алуға;
 - Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысында немесе жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
 - Қоғамды тіркеушіден немесе атаулы ұстаушысынан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді-көшірмелер алуға;
 - Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
 - Қоғам қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;
 - өз бетінше немесе басқа акционерлермен жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан жоғары пайызын иеленген жағдайда Заңда айқындалған жағдайларда Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалды өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) оларды жасауда мүдделілігі бар мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс білдіру) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтару туралы талап арызбен өз атынан сот органдарына жүгінуге;
 - Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігіне;
 - Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылық құқықпен сатып алуға;
 - акционерлердің Жалпы жиналысының Қоғамның акциялар санын өзгерту немесе Заңда көзделген тәртіппен олардың түрлерін өзгерту туралы шешімдер қабылдауына қатысуға құқылы.
- Ірі акционер сондай-ақ:
- акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап арызбен сотқа жүгінуге;
 - Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер қосуды ұсынуға;
 - Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - аудиторлық ұйымның Қоғамға өз есебінен аудит жүргізуін талап етуге құқылы.

6.2. Қоғамның акционері:

- акцияларды төлеуге;
- Қоғамның акциялар ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы тіркеушіге және аталған акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына 10 (он) күн ішінде хабарлауға;
- қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам және оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

- 6.3. Қоғам және Қоғамды тіркеуші осы жарғының 6.2 тармағының 2-бөлігінде айқындалған таалптарды акционерлердің орындамау салдары үшін жауап бермейді.

7. Қоғамның органдары

7.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

7.2. Акционерлердің жалпы жиналысы

7.2.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар және шығындарының өтемақысын төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 11) жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 12) Қоғамның есепті кезеңдегі, жартыжылдықтағы, тоқсандағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларын ерікті түрде делистингілеу туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу не жиынтығында Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан жоғары пайызын құрайтын активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

- 16) Қоғамның Жалпы жиналысты шақыру туралы акционерлерге хабарлау түрін айқындау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау туралы шешім қабылдау;
 - 17) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту;
 - 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 19) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
 - 20) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
 - 21) олар бойынша шешімдер қабылдау заңнамамен және осы жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 7.2.2. Осы жарғының 7.2.1. тармағының 2), 3), 4) және 17) тармақшаларында көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілік даусымен қабылданады. Қалған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.
- 7.2.3. Егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, олар бойынша шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
- 7.2.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы;
- 7.2.5. Қоғам акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысының өткізуге міндетті, акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс жиналыстар болып табылады.
- 7.2.6. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналыстарын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналыстары:
- Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша;
 - Қоғамның ірі акционерінің бастамасы бойынша;
 - Қоғамның органдары оның акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған жағдайда Қоғамның ірі акционерінің талап арызы бойынша соттың шешімі негізінде;
 - егер Қоғам ерікті түрде тарату процесінде болса, Қоғамның тарату комиссиясымен шақырылады.
- 7.2.7. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізуді:
- Қоғам басқармасы;
 - Қоғамның Директорлар кеңесі;
 - Қоғам тіркеушісі онымен жасалған шартқа сәйкес;
 - егер Қоғам ерікті түрде тарату процесінде болса, Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 7.2.8. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның атқарушы органы – Басқарманың орналасқан жерінде өткізілуі тиіс.
- 7.2.9. Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы акционерлерге хабарлау күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы хабарламаны «Экспресс-К» күн сайынғы қоғамдық-саяси республикалық газетіне жариялау арқылы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.

- 7.2.10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізімін қамтуы тиіс.
- 7.2.11. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Директорлар кеңесі Қоғам акционерлері мұндай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабардар етілген жағдайда, сондай-ақ осы тармақта айқындалған жағдайларда толықтыруы мүмкін. Күн тәртібі ол бойынша шешім, егер оның енгізілуіне орналастырылған (сатып алынған акцияларды алып тастағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде 2/3 (үштен екісі) дауыс берсе, артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқықтарын шектейтін мәселемен толықтырылуы мүмкін.
- 7.2.12. Күн тәртібіне, егер олардың енгізілуіне Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының кем дегенде 95 (тоқсан бес) пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 7.2.13. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.
- 7.2.14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлер жиналыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күннен кешіктірмей танысып шығуы үшін дайын болуы және Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде қолжетімді болуы тиіс. Акционер сұрау салған кезде материалдар оған сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жолдануы тиіс; құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды жеткізуге жұмсалатын шығындарды акционер көтереді.
- 7.2.15. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытында ашылады.
- 7.2.16. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде акционерлер немесе оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының 50 (елу) және одан жоғары пайызына ие олардың өкілдері тіркеліп болса, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 7.2.17. Акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы мен хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде шешім Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жау көпшілік даусымен қабылданады.
- 7.2.18. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мына жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;
 - Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру;
 - Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір-бір дауыстан беру.
- Кумулятивті дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстар акционерлерге Директорлар кеңесіне мүшелікке бір кандидат үшін толық берілуі немесе ол Директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше кандидаттар арасында бөлінуі мүмкін. Олар үшін ең көп дауыс берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланды деп есептеледі.
- 7.2.19. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері оларды бұқаралық ақпарат құралдарына Акционерлердің

жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

7.2.20. Акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан өткізу бастапқы (өтпей қалған) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу белгіленген күннен кейін кем дегенде келесі күні белгіленуі мүмкін..

Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысы өтпей қалған жерде қайтадан өткізілуі тиіс.

Қайтадан өтетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өтпей қалған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібімен ерекшеленбеуі тиіс.

7.2.21. Өтпей қалған жалпы жиналыстың орнына өткізілетін Акционерлердің қайта жалпы жиналысы күн тәртібі бойынша мәселелерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, егер:

1) кворум болмағандықтан өтпей қалған Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) оған қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының 40 (қырық) және одан жоғары пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе.

7.2.22. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

Қандай да бір адамдар хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, аталған адам бас тарту себебін жазбаша түсіндіріп, одан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тігілуі тиіс.

Хаттамаларды Қоғам Басқармасы сақтауға және кез келген уақытта танысу үшін ұсынуға тиіс. Акционердің талап етуі бойынша, оған Қоғам акционерлерінің жалпы жиналыс хаттамасының көшірмесі беріледі.

7.3. Қоғамның Директорлар кеңесі

7.3.1. Директорлар кеңесі, Заңмен немесе Қоғам жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

7.3.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар санының шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Қоғамның облигациялар және туынды бағалы қағаздар шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

- 9) атқарушы орган басшысының және мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымды ақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 11) корпоративтік хатшыны сайлау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық ақысының мөлшері мен сыйақы беру шарттарын айқындау;
- 12) қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырғаны үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеу үшін берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен айыруы) туралы шешімдер қабылдау;
- 16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан жоғары пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 17) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының мөлшерінің 10 (он) және одан жоғары пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 18) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 19) ірі мәмілелер және оны жасауда Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 20) Қоғамның орташа мерзімді және ұзақ мерзімді даму жоспарларын бекіту;
- 21) Қоғамның тиісті қаржылық жылға арналған бюджетін бекіту;
- 22) Қоғам қызметкерлерінің жекелеген санаттарын жұмысқа қабылдау, ауыстыру және олармен еңбек шарттарын бұзу мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарды, сондай-ақ филиал мен өкілдіктерді қоса алғанда, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін бекіту;
- 23) Қоғамның ішкі құжатына сәйкес мәмілелердің жекелеген түрлерін бекіту/келісу;
- 24) Қоғам қызметкерлерінің жекелеген санаттарын көтермелеу және жазалау мәселелерін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;
- 25) егер аталған шешімдер Қоғамның және/немесе акционерлердің мүдделеріне жауап бермесе, Қоғамның атқарушы органының шешімдерінің күшін жою туралы шешім қабылдау және/немесе оларды Қоғамның атқарушы органының қайта қарауын талап ету;
- 26) Заңда және (немесе) Қоғам жарғысында көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

- 7.3.3. 5 (бес) адамнан тұратын Директорлар кеңесін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы сайлайды.
Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының ашық дауыс беруі арқылы көпшілік даусымен сайланады. Басқарма Төрағасы – Қоғам Президенті Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
- 7.3.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері аталған хабарламаны Директорлар кеңесі алған кезден бастап тоқтатылады.
Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте жалпы Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі аяқталған кезде жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі де аяқталады.
- 7.3.5. Директорлар кеңесінің отырысы:
- оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша;
- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің талап етуі бойынша;
- ірі акционердің талап етуі бойынша;
- Қоғамның ішкі аудит қызметімен (ол болған кезде);
- Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен шақырылуы мүмкін.
Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірілмей шақыруы тиіс.
Отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар қоса берілген Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиісті отырыс өткізілетін күнге дейін 1 (бір) күн бұрын жолдануы тиіс.
Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.
- 7.3.6. Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесінің ашық және сырттай отырыстары түрінде өткізілуі мүмкін.
- 7.3.7. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 7.3.8. Ашық түрде өткізілген Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен рәсімделеді, оны отырыста төрағалық еткен адам және Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен кейінгі 3 (үш) күн ішінде жасап, қол қоюы тиіс.
- 7.3.9. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.
- 7.4. Қоғамның атқарушы органы**
- 7.4.1. Қоғамның атқарушы органы Басқарма болып табылады, ол Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды

адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

7.4.2. Қоғам Басқармасын Қоғамның Директорлар кеңесі 5 (бес) жыл мерзімге сайлайды. Басқарма 5 (бес) адамнан: Президент және Басқарма мүшелерінен тұрады.

Басқарма мүшелері акционерлер және Қоғамның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері болуы мүмкін.

Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істей алады.

Атқарушы органның басшысы не Қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам басқа заңды тұлғаның атқарушы органның басшысы лауазымын не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам лауазымын атқаруға құқылы емес.

7.4.3. Қоғам Президенті:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) Қоғам қызметін оралымды/ағымдағы басқаруды жүзеге асырады;

3) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің қарауы үшін қажетті материалдар мен ұсыныстарды дайындайды;

4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

5) сенімхаттар, оның ішінде қайта сеніп тапсыру құқығымен, Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

6) банктерде және өзге де кредиттік ұйымдарда Қоғамның шоттарын ашады, қаржылық, бухгалтерлік құжаттарға және материалдық және ақша қаражаттарын, оның ішінде банктер мен басқа да ұйымдар арқылы төлеуге және алуға арналған өзге де құжаттарға қол қояды;

7) Қоғамның атынан мәмілелер жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы жарғыда және Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген шегінде Қоғам мүлкіне иелік етеді;

8) Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін дайындайды және Директорлар кеңесінің бекітуіне береді;

9) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді (филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелерден басқа), сондай-ақ Қоғамның оралымды қызметіне байланысты ішкі құжаттарды бекітеді;

10) Ұжымдық шартты талқылайды және оған қол қояды;

11) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық ақыларының және еңбекақыларына дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, Заңда және Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйақы төлеу мөлшерлерін айқындайды;

12) лауазымдық нұсқаулықтарды және Қоғам қызметкерлерінің құзыретін айқындайтын өзге де нұсқаулықтарды бекітеді;

13) өзі болмаған кезде өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

14) міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершіліктер аясын Басқарма мүшелерінің арасында бөледі;

15) Қоғам жарғысына сәйкес кадрларды іріктеу, орналастыру және даярлау мәселелерін шешеді;

- 16) Қоғам жарғысында және Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған Қоғамның жарғылық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.
- 7.4.4. Басқарма мынадай мәселелерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдайды:
- Қоғамның жылдық балансы мен есебін алдын ала қарау;
 - Қоғамның шаруашылық қызметін жоспарлау;
 - Қоғамның қызметін ағымдағы/оралымды басқаруды қамтамасыз етудің өзге де мәселелерін шешеді.
- Басқарманың кез келген мүшесі шешілуі Қоғамның атқарушы органының құзыретіне кіретін басқа кез келген мәселені Қоғам Басқармасының қарауына енгізуге құқылы.
- 7.4.5. Басқарманың отырыстарын Қоғам Президенті керегінше немесе оның кез келген мүшесінің талап етуі бойынша Қоғам Президентінің немесе оның орнындағы адамның міндетті түрде қатысуымен тағайындайды (шақырады). Басқарма оның құзыретіне жататын және егер оның отырысына Қоғам Басқармасы мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысып отырған жағдайда қарауға шығарылған мәселелерді шешуге құқылы.
- Басқарманың шешімдері қатысып отырғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғам Президентінің немесе оның орындағы адамның дауысы шешуші болып табылады.
- 7.4.6. Отырыстың хатшысын Басқарма Қоғам қызметкерлерінің арасынан сайлайды. Қоғам Басқармасының отырыс хаттамасы ол өткізілгеннен кейін 3 (үш) күннен кешіктірмей рәсімделеді және оған отырысқа қатысып отырған атқарушы органның барлық мүшелері қол қоюы және дауыс беруге шығарылған мәселелерді, әрбір мәселе бойынша атқарушы органның әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындыларын қамтуы тиіс.
- 7.4.7. Қоғам Басқармасының мүшелері Президенттің тапсырмасы бойынша Қоғам қызметінің жекелеген түрлері мен салаларын басқаруды жүзеге асырады.
- 7.4.8. Қоғамның филиалдарының, департаменттерінің, басқармаларының, бөлімдерінің және басқа да бөлімшелерінің басшыларына Қоғам Президенті қол қойған аталған бөлімшелер туралы ережелерге, лауазымдық нұсқаулықтарға, бұйрықтар мен сенімхаттарға сәйкес өкілеттіктер беріледі.

8. Қоғамның аудиті

- 8.1. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.
- 8.2. Басқарма жыл сайын аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес өткізілген өткен жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін талқылау және бекіту үшін Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынады. Қаржылық есептіліктен бөлек, Басқарма акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есепті де ұсынады.
- 8.3. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғамның есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше айқындауға құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

9. Қоғамның ақпаратты жария етуі

- 9.1. Акционердің талап етуі бойынша оған құжаттардың көшірмелерін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда көзделген тәртіппен, талап ету хатының түпнұсқасы Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті.
- 9.2. Қоғам оларды жария ету міндеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген құжаттардың көшірмелерін акционерлердің талап етуі бойынша ұсынбауға құқылы.
- 9.3. Коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну туралы мәселе Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.
- 9.4. Құжаттардың көшірмелерін Қоғам ақылы түрде ұсынады. Төлем мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстардың құнынан және құжаттарды акционерге жеткізумен байланысты шығындарды өтеу құнынан аспауы тиіс.
- 9.5. Қоғам қызметі жөнінде ақпарат ұсыну туралы акционерлердің сұрауларына дәлелді жауаптар сұрауда көрсетілген мекен-жайға тиісті сұрау Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жолданады. Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам ақпаратының қорғалуын қамтамасыз ету және акционерді сәйкестендіру мақсатында, соңғысының сұрауына ол не оның өкілетті өкілі қол қоюы тиіс. Жоғарыда аталған жағдайларда Қоғам дәлелді жауаптар беру тәсілін өз қалауынша таңдауға құқылы. Акционерлердің өкілдерінің сұрауларына өкілдің тиісті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға өкілеттігін растайтын құжаттың түпнұсқасын қоса тігуге жатады.
- 9.6. Заңда жариялау үшін көзделген мәліметтер мен ақпаратты Қоғам жариялауды жүзеге асыруы тиіс баспасөз басылымы «Экспресс-К» күн сайынғы қоғамдық-саяси республикалық газеті болып табылады.
- 9.7. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімінің міндетті жүргізілуін қамтамасыз етеді.

10. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ашу

- 10.1. Қоғамның акционерлері мен лауазымды адамдары Қоғамға олардың аффилирленген тұлғалары туралы ақпарат ұсынуға міндетті. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат жазбаша түрде почта арқылы не қолға табыс етіледі және электронды почта арқылы Қоғамның атқарушы органы басшысының атына жолданады.
- 10.2. Қоғамның атқарушы органын басшысы Қоғам акционерлері мен лауазымды адамдарының аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің Төрағасына сұрау алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жолдайды.
- 10.3. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға аффилирленгендік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде ұсынуға міндетті.


11. Қоғамның есепке алу және есептілігі

- 11.1. Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның бухгалтерлік балансын, пайда мен залалдар туралы есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілігі туралы заңнамасына сәйкес өзге де есептілігін қамтиды.
Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.
- 11.2. Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасалады.
Жылдық қаржылық есептілік акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілгенге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.
Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.
- 11.3. Қоғам жыл сайын шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

12. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

- 12.1. Қоғам қызметін тоқтату оны қайта ұйымдастыру не тарату арқылы жүргізіледі.
- 12.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.
- 12.3. Қоғамды тарату:
- 1) Қоғамды ерікті түрде тарату туралы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі;
 - 2) Қоғамды мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі негізінде;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда жүзеге асырылады.

«Қазхром» ТҰК» АҚ
Президенті



Тиль В.В.

Двадцать четвертого июня две тысячи пятнадцатого года я, Набатова Ольга Александровна, нотариус Актюбинского нотариального округа, имеющая лицензию № 0000998, выданную Министерством юстиции Республики Казахстан 22 февраля 2002 года, свидетельствую подлинность подписи, президента АО ТНК «Казхром» Тиль Виктора Вальдемаровича, которая совершена в моем присутствии. Личность подписавшего документ установлена, дееспособность проверена.



Зарегистрировано в реестре за 2-925

Взыскана сумма: 2180 тенге

Нотариус:

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МІНІСТРЛІГІ
АКТҮБІН ОБЛЫСТЫҚ АЯЛЫҚ АРНАУ
ҚАҒАМЫ ҚАЛДЫРАЛМАҚА
ТІПТІГІН КӨРЕ
ПРОШЛИТО И ПР...
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ АКТЮБ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АКТЮБ

Нембрденің тілдіген барлығы
Прошито и пронумеровано на
бет листях

NOTARIUS

СТАТ РЕГИСТРАЦИЯ

